

«Қарағанды облысы Әділет департаменті» ММ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
20 22 ж. « 28 » 01 жүргізілді
БСН 091240016031



«Қарағанды облысының
экономика басқармасы» ММ
басшысының
2021 жылғы «21» 09
№ 46 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«Балдырған» арнайы балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Балдырған» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) осы Жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 15 шілдедегі № 48/04 «Білім саласындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды қайта құру туралы» қаулысымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган: «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Балдырған» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 101401, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Абай көшесі, құрылыс 11А.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары бар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазыналық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін осы тарауда және өзге де құқықтық актілерде көрсетілген барлық туындайтын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

3 тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні екі жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін үздіксіз мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оңтайлы моделін әзірлеу және енгізу болып табылады, оның мақсаты ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар әрбір тәрбиеленушіні оқу-жаттығу субъектісі ретінде қайталанбас тұлға ретінде дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты болып табылады:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балалардың бастамашылығын, қызығушылығын, еркіндігін және шығармашылық өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;

4) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін арнайы жағдайлар жасау;

5) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін түзету жұмыстары бойынша жағдай жасау

6) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

7) азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

8) баланың толық дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара әрекеттесу;

9) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға, қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

14. Өз мақсаттарына жету үшін мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады: мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту. Қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы №202 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі;

мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндеттері болып табылады:

1) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

2) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына, Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу;

3) қазақ және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге баулу; мемлекеттік тілді, орыс тілін меңгеру;

4) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу және оқыту;

арнайы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру, дамыта оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу бойынша нысандары мен әдістерін іздестіру, әзірлеу. Оқу процесін ұйымдастыру, басқару осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;

оқу-тәрбие қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйенеді;

ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады;

мемлекеттік мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту жалпы тіл ақауы бар, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған үлгілік оқу жоспары бойынша жүргізіледі;

балалардың сөйлеу дамуындағы бұзушылықтарды түзетуді мұғалім-логопед, мұғалім-дефектолог топтық, кіші топтық және жеке түзету сабақтары түрінде жүзеге асырады.

мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленген шегінде оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін дербес таңдауда. Мемлекеттік мекеменің білім беру процесін жүзеге асыру үшін жылдық жоспарды, үлгілік оқу жоспарын және ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік мекеменің құрылымы:

- 1) әкімшілік (директор және оның орынбасарлары)
- 2) педагогикалық кеңес, Педагогикалық этика бойынша кеңес, қамқоршылық кеңес, әдістемелік кеңес, топтық ата-аналар комитеттері;
- 3) мекеменің құрылымдық бірлігі тіл ақауы бар мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің арнайы (түзету) тобы болып табылады. Топтар бір жастағылар немесе түрлі жастағылар ұстанымы бойынша жасақталады;

Бағыты: түзету–оқыту қызметі:

- 1) тіл ақауы бар балаларды тәрбиелеу және оқыту;

2) психикалық-сөйлеу дамуы тежелген балаларды тәрбиелеу және оқыту.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрлері:

1) тәрбиеленушілердің жас құрамы бойынша – екі жастан мектепке барғанға дейінгі тіл ақауы бар балалар үшін арнайы балабақша;

2) қызметі бойынша – арнайы түрі.

Мемлекеттік мекемеге тіл ақауы бар балалар қабылданады:

сөйлеу дамуы тежелген;

1-3 деңгейлі жалпы тіл ақауы бар, алалия, афазия, дизартрия, риноалалия, тұтығу, 1-2 дәрежелі есту мүкістігі;

кохлеарлы имплантты;

аутистикалық аясы бұзылған, алғашқы интеллектісі сақталған тіл ақауы бар;

психикалық және сөйлеу тілінің даму тежелісі бар;

эмоциялық-ерік аясының бұзылыстары психикалық даму тежелісімен үйлесетін аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар қабылданады.

Тәрбиеленушілерді күту тегін ұсынылады.

Тәрбиелеу және оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

Балаларды арнайы (түзету) топтарына қабылдау психолого-медико-педагогикалық консультация (одан әрі - ПМПК) қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңына сәйкес бос орын болған жағдайда жүргізіледі.

Балалардың мемлекеттік мекемеге жеке кесте бойынша баруы тұрғылықты жері бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы №321 «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеменің қызметі Заңмен белгіленген тәртіпте бекітілген қолданыстағы санитарлық ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Күн тәртібіне кіреді:

күннің бірінші жартысында:

1) меңгерілген материалды диагностикалау бойынша әр баламен жеке жұмыс; ПМПК ұсыныстарына сәйкес тіл ақауы бар тәрбиеленушілермен жеке-түзету жұмыстары;

2) алдағы жұмыстың мотивациясын құру;

3) әртүрлі ойын түрлерін, өнімді қызмет түрлеріне топтық оқыту;

4) оқу сабақтары;

5) серуендегі қызмет;

күннің екінші жартысында мектепке дейінгілерді оқыту келесі бөлімдер бойынша жалғасады: түзету сағаты, қызығушылығы бойынша

ұжымдық қызмет түрлері, ойын-сауықтар, серуен және балалардық үйлеріне қайтуы;

педагогикалық қызметкерлер тәрбие жұмыстарын келесі талаптарды ескере отырып жүргізеді:

1) бала мен ересектердің өз іс-әрекетінің сәтті нәтижесін болжауы;

2) қызмет түрлерін таңдау еркіндігі;

3) бала өмірінің эмоциялық қанықтылығы;

4) жұмыстың ойын және ойын емес тәсілдерін үйлестіру;

5) өзін-өзі тану мен мінез-құлық стратегиясын қалыптастырудағы сөйлеудің, тілдің маңызы;

Арнайы білім беру ұйымында медициналық қамтамасыз етуді штаттық медициналық қызметкерлер жүзеге асырады, олар арнайы ұйымның әкімшілігімен бірлесіп, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) денсаулығын сақтауға және олардың психофизикалық жай-күйін нығайтуға, диспансерлеуге, профилактикалық іс-шараларды жүргізуге жауап береді және санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, дене тәрбиесі мен шынықтыру, тамақтану, оның ішінде диеталық тамақтанудың ұйымдастырылуын бақылайды.

Медициналық қызметкерлер педагогтарға білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) денсаулығы мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке және сараланған қатынасты ұйымдастыруда көмек көрсетеді, медициналық-педагогикалық түзету, еңбекке баулу бейінін іріктеу, кәсіптік бағдарлау, жұмысқа орналастыру, заңды өкілдерге аурулардың алдын алу мақсатында үй жағдайында қорғау режимін сақтау қажеттілігі туралы ұсынымдар береді.

Арнайы білім беру ұйымдарында дәрі-дәрмекпен және физиотерапевтік емдеу, климаттық емдеу және шынықтыру, емдік дене шынықтыру, массаж және психотерапия жүргізіледі.

Балалардың дене мен психикалық денсаулығын сақтау әрі нығайту жөніндегі міндеттерді орындайтын және физиотерапия кабинеттері бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында дәрігер лауазымының 1 штат бірлігі көзделеді.

діни және атеистік тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес мектепте оқуға дайындық деңгейін анықтау үшін балалардың білімін бақылау жүргізіледі;

мемлекеттік мекеме мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы білім беру ұйымына қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың білім беру ұйымдарына бару режимі, тамақтану жиілігі, білім беру, сауықтыру

қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады;

Мынадай жағдайларда баланың орны сақталады:

Карантин, сырқаттану, емделу, сауықтыру, баланың денсаулық сақтау ұйымдарында, білім беру және басқа ұйымдарда түзету және оңалту (көрсеткіш бойынша анықтама, қорытынды ұсынған жағдайда), сонымен қатар баланың Ата-анасына немесе басқа да заңды өкіліне еңбек демалысын берген жағдайда (жазбаша өтініш ұсынған жағдайда);

Директор мектепке дейінгі ұйымнан балаларды келесі жағдайларда шығара алады:

1) түзету мерзімінің аяқталуына қарай;
2) баланың дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт келмеуі;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның балабақшада болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде;

4) ата-анасының (немесе басқа да заңды өкілінің) өтініші бойынша; мектепке дейінгі ұйымды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару түрлері педагогикалық, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

мектепке дейінгі білім беру ұйымында тәрбие-білім беру процесін қамтамасыз ету кезінде әрбір балаға кепілдік беріледі:

1) тәрбиеленушінің өмірі мен денсаулығын қорғау;
2) дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру;

4) сапалы мектепалды дайындық;

5) үйлестірілген тамақтану;

6) баланың қызметін жеке және жас ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыру;

7) баланы тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсету;

8) жыл сайын 1-30 тамыз аралығында баланы келесі жас тобына ауыстыру;

9) санитариялық қағидалар талаптарын сақтау;

10) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкіліне құрмет көрсету; ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар құқылы:

1) тәрбиеленушілердің тәрбие-білім беру бағдарламаларын игеруі және тәрбие - білім беру процесін ұйымдастыру шарттары туралы объективті ақпарат алуға міндетті;

2) тәрбие, білім беру және түзету мәселелері бойынша білікті кеңес алуға;

3) тәрбиеленушілерге осы Жарғыда айқындалатын сапалы қарап-тексеруді, оларды күтіп-бағуды, тәрбиелеу мен дамытуды талап етуге міндетті;

4) қамқоршылық кеңес арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымының басқару органдарының жұмысына қатысуға құқылы;

5) даулы жағдайларды шешу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігіне жүгінуге құқығы бар.

ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар міндетті:

1) баланың мектепке дейінгі білім беру ұйымына баруын қамтамасыз етуге, мектепке дейінгі ұйымға баруға дәлелсіз себептермен рұқсаттамаға жол бермеуге міндетті. Бала ауырған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтаманы, сондай-ақ бала үш және одан да көп күн болмаған жағдайда санитариялық қағидалардың 134-тармағына сәйкес денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсыну;

2) баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйыммен өзара іс-қимыл жасау;

3) баланың және басқа да балалардың денсаулығына байланысты және өміріне қауіп төндіретін проблемаларды жасырмауға; ;

4) мектепке дейінгі білім беру ұйымының жұмыс режимін сақтауға міндетті;

5) педагог пен қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде оларға құрмет көрсетуге міндетті;

6) мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлерінің, тәрбиеленушілердің, басқа да ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ар-намысын, қадір-қасиетін және құқықтарын құрметтеуге;

7) баланы оның мүдделерін ескере отырып тәрбиелеу: парасаттылық, толеранттылық және ұлтаралық келісім;

8) даму ерекшелігіне сәйкес баланы табысты тәрбиелеу үшін үйде жағдай жасауға, оның зияткерлік және дене күшінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті;

9) мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиеленушісі келтірген материалдық залалды өтеуге міндетті;

10) қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындауға міндетті;

11) ата-аналар (олардың орнындағы адамдар) мемлекеттік мекеменің жарғысын, шартты, ішкі тәртіп ережелерін орындауға және өз баласын тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапты болуға міндетті.

Мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалық басқару түрі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады

мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;

Директор жауапты:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, оқу жоспары мен

оқу процесінің кестесіне сәйкес арнаулы білім беру бағдарламаларының іске асырылуына, тәрбиеленушілердің білім сапасы, өмірі мен денсаулығы, білім беру процесі кезінде мемлекеттік мекеме тәрбиеленушілері мен жұмыскерлерінің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына;

2) нормативтік актілерді, облыстық және аудандық маңызы бар білім беру органдарының бұйрықтарын, лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағанына;

3) өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидаларын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың санитариялық-гигиеналық қағидаларын бұзғанына директор немесе оны алмастыратын адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;

педагогикалық қызметпен айналысуға педагогикалық немесе арнайы білімі бар адамдар жіберіледі. Жұмысқа жіберілмейтін тұлғалар:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар;

4) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

5) психиатриялық және (немесе) нарко диспансерінде есепте тұрған адамдар кірмейді. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог өзінің психиатриялық және наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтындығын кез келген заңды тәсілмен растайды;

б) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде;

жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады;

мемлекеттік мекеменің басқару түрінің бірі – педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестің құрамына кіреді: мемлекеттік мекеме директоры (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопедтер. Мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір жыл мерзімге хатшы сайлайды.

Педагогикалық кеңес қарастырады:

1) білім беру ұйымдарында құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шаралар;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйі, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

3) оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;

4) педагогтерді аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу мәселелері;

педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және мемлекеттік мекеменің директоры бекітетін жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады.

15. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шектеу қойылған қызмет мақсаттарына қайшы немесе оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі: құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының, сондай-ақ оған қатысты осы Жарғыда көрсетілген мүлікке қатысты құқық субъектісінің, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыратын органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі атымен «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі іске асырады.

18. Қарағанды облысының әкімдігі кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің жарғысын, енгізілген өзгерістерді, өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) мемлекеттік мекеменің директорын тағайындайды;

2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санын, тарифтеу тізімдерін және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамасын келіседі;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

8) мемлекеттік мекеменің құрылтайшысына мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директорын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасы Заңнамасында бекітілген тәртіпте:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүддесін мемлекеттік органдарға, басқа да ұйымдарға ұсынады;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту

және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді

- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен құзыретін белгілейді;
- 11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы және алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қарағанды облысы білім басқармасының "Теміртау қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

- 1) оған меншік иесінің берген мүліктен;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктерден (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

Бухгалтерлік есепті және мемлекеттік мекеме үшін есеп беруді барлық туындайтын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6 тарау. Мемлекеттік мекемеде жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүргізіледі және Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

34. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«Балдырған» арнайы
балабақшасы» КММ директоры**



Н. Шигабутдинова

УТВЕРЖДЕН

приказом руководителя
ГУ «Управление экономики
Карагандинской области»



«21» 09 2021 год

№ 246

УСТАВ

**коммунального государственного учреждения
«Специальный детский сад «Балдырған»
отдела образования города Темиртау
управления образования Карагандинской области**

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Специальный детский сад «Балдырған» отдела образования города Темиртау управления образования Карагандинской области (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления соответствующих функций, указанных в настоящем уставе.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создано постановлением акимата Карагандинской области от 15 июля 2021 года №48/04 «О реорганизации коммунальных государственных казённых предприятий в сфере образования».

4. Учредителем государственного учреждения является: акимат Карагандинской области.

5. Органом, осуществляющим управление государственного учреждения, является: государственное учреждение «Управление образования Карагандинской области».

6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Специальный детский сад «Балдырған» отдела образования города Темиртау управления образования Карагандинской области.

7. Место нахождения государственного учреждения: 101401, Карагандинская область, город Темиртау, улица Абая строение 11А.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать юридическое лицо, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики

Казахстан. Финансово-хозяйственная деятельность государственного учреждения может осуществляться органом управления государственного учреждения со всеми вытекающими функциями, указанных в настоящей главе и иных правовых актах.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

